

"Қайнар" университетінің

№4/2 072. ✓

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

№4/2, 2007



В Е С Т Н И К

Университета "Қайнар"

Е.И. АГЕЕВА – ЕЖЕЛГІ ДӘУІР МЕН ОРТА ҒАСЫРЛАР КЕЗЕҢІН ЗЕРТТЕУШІ

Байғунаков Д.С.

Археолог Евгения Ивановна Агееваның (1916-1964) өзіндік келбетін, ғылыми тұлғасын және зерделі зерттеушілігін танытуға арналған мақалалар жоқтың қасы. Әйтсе де, оның есімі Қазақстан археология ғылымының қалыптасуымен, ежелгі дәуірлер мен орта ғасырлардағы тарих, заттай мәдениеттің өткен ғасырдың орта тұсында біршама зерттелуімен тікелей байланысты. Зерттеушінің ғылыми өмірбаянына қысқаша тоқталып кетер болсақ, ол 1941 жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург – *авт.*) мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін 1941-1943 жылдары қорық, зоопарк және көне ескерткіштерді қорғау қоғамында инспектор, 1943-1946 жылдары Орталық мемлекеттік музейде аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. 1947 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында кіші ғылыми қызметкер болып кірді. Мұнда кейіннен аға ғылыми қызметкер дәрежесіне дейін көтеріліп, өмірінің соңына дейін осы институтта жұмыс істеп, ғылыми зерттеу жұмыстарымен ұзақ жылдар бойы шұғылданды. Қазақстан мен Қырғызстан жеріндегі бірқатар археологиялық экспедициялардың жұмысына қатысты, кейбірін (Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы, Павлодар археологиялық экспедициясы, т.б.) ұзақ жылдар бойы өзі басқарып отырды /1/. Осыдан-ақ Е.И. Агееваның тек ғылыми-шығармашылық мақсаттағы жұмыстармен ғана айналысқандығын, далалық зерттеулерді үзбей жүргізгендігін, нәтижесінде қазақ тарихының ілкідегі тарихын елеулі түрде зерттегендігін байқаймыз.

Е.И. Агееваны ең алдымен отандық археология ғылымы мен көне дәуірлер тарихының археолог-тарихнамашысы деуге болады. Себебі ғалымның осы бағыттағы бірқатар мақалалары жарияланып, жарыққа шыққан болатын. Бұл мақалаларында ол Қазақстанда зерттелген немесе кездейсоқ табылған олжаларды үнемі бір ізге түсіріп отырды. Сөйтіп, Қазақстан археологиясының қалыптасу тарихын, оның өткен негізгі кезеңдерін көрсетіп, соны нәтижелерін бағамдады.

Қызметке кіріскеннен кейін-ақ Е.И. Агеева зерттеу жұмыстарымен талантты ғалым, академик Әлкей Марғұланмен бірге айналыса бастайды. Оның жетекшілігімен қазақ сахарасындағы зерттелмей жатқан нысандарды болашақта талдау қажет екендігін түсінді.

Ғалым ретінде өткен жолды бағамдап алмай, алға жылжу мүмкін емес екендігін көре білді. Сондықтан республика аумағындағы археологияға қатысты үзік-үзік сан алуан мағлұматтарды, қызықты ақпараттарды жинастырумен шұғылданды. Ол алғашқылардың бірі болып 1926-1946 жылдардағы Қазақстан жерінен табылған түрлі археологиялық олжаларды қазақтың белгілі ғалымы Ә.Х. Марғұланмен бірге «Археологические работы и находки на территории Казахской ССР» атты мақаласында бір жүйеге салды. Онда Алматы, Талдықорған, Ақтөбе, Семей және Шығыс Қазақстан, Гурьев (қазіргі Атырау – авт.), Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Орталық Қазақстан секілді облыстардың аумағынан алынған археологиялық олжаларды, жүргізілген экспедициялардың қорытындыларын, кездейсоқ ұшырастырылған жәдігерлерді саралап, Қазақстан жері көне мәдениеттердің ошағы болғандығын көрсетуге ұмтылды /2/. Біздің тарапымыздан осы бағыттағы басқа еңбектеріне қарағанда біршама кеңірек талданған бұл мақалада тарихи нысандарды кімнің зерттегені, қашан нендей нәрсе табылғандығы жайлы ғана емес, сонымен қатар тас дәуірі мен орта ғасырлар арасындағы сан түрлі ескерткіштердің, кездейсоқ артефактілердің, алынған олжалардың ғылыми маңызы туралы азды-кемді келелі сөздер қозғалды. Белгілі бір дәрежеде көне жәдігерлер мен археологиялық нысандардың отандық тарихнама үшін маңызы нақтыланды.

Жалпы алғанда, Е.И. Агееваның 1950-60 жылдардағы кейбір ғылыми ізденістері Қазақстанда археологиялық жұмыстардың дамуын нақты көрсетеді. Ғалымның өзі және әріптестерімен бірге осы кездері жариялаған «Краткие итоги археологических экспедиции Института истории, археологии и этнографии 1953 года» /3/, «Археологические исследования Института истории в 1954 г.» /4/, «Основные итоги археологических работ на территории Казахстана в 1955 году» /5/, «Археологические работы 1956 года» /6/, «Обзор археологических работ в прошлом и исследования Южно-Казахстанской археологической экспедиции (1947-1951 гг.)» /7/, т.б. бірнеше мақалалары жыл сайын республика аумағында жүргізілген зерттеулер тарихын толымды түрде баяндап береді.

Сондай-ақ ол өзінің «К истории изучения археологических памятников среднего течения Сырдарьи и Каратау» деген мақаласында көрсетілген өңірлерде ХІХ ғасыр екінші жартысынан бастап 1947 жылға дейін жүргізілген ғылыми зерттеулерді жүйелеп шықты /8/. Кейіннен көптеген ғалымдардың (К.М. Байпақов, т.б.) еңбектері үшін осы мақаласы бағыт-бағдар ретінде пайдаланылды да. Бұл библиографиялық мақалада көрсетілген ауданның археологиялық ескерткіштері, саяси тарихы мен мәдениеті жайында азды-кемді ақпарат берген барлық мақалалар, іргелі еңбектер түзілді. Кейінірек ғалым осы бағыттағы ізденістерін одан ары жалғастырып, іргелі жұмыстар жүргізді.

Айталық, Е.И. Агееваның Қазақстан археологиясына қосқан басты үлесінің бірі оның басқа авторлармен (К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, Т.Н. Сенигова) бірге «Археологическая карта Казахстана» атты ескерткіштер реестрін түзуі немесе құрастыруы болып табылады. Бұл еңбек Қазақстан археологиясы үшін жасалған үлкен маңызды қадам еді. Ол КСРО-дағы мұндай бағыттағы алғашқы жұмыс болатын. Онда 1958 жылға дейін белгілі әр дәуірдің барлық ескерткіштері жүйеленді /9/. Жинаққа республика аумағынан табылған 5 мыңға жуық археологиялық нысандар енді, әрбір мақалада ескерткіштің орналасқан орны, оны кімнің зерттегені, қандай материалдар алынғаны, қай уақытпен мерзімделінетіні жайында нақты ақпараттар берілді. Бұл кітап әлі күнге дейін мамандар үшін таптырмас ғылыми мәні зор дүние саналады. Е.И. Агеева Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Алматы облыстарындағы ескерткіштердің картасын жасады және төңкеріске дейінгі археологиялық зерттеулердің очеркін дайындады /9, 7-8/. Соңғы мәселе бойынша 1701 жылдан бастап Қазақстан жерінде болған саяхатшылардың, өлкетанушылардың, патшалық Ресей шенеуніктерінің ізденістері жайлы сөз өрбітіліп, өңірдің мәдениет тарихы туралы мағлұматтар жүйеленді. Қазақстан аумағында жұмыс істеген бірқатар ғылыми бірлестіктердің (Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі, т.б.) қол жеткізген нәтижелеріне талдау жасалынды. Автор соңынан жұмысын былай деп қорытындылады:

«Из приведенного краткого и неполного перечня работ дореволюционных исследователей и краеведов видно., что они сделали большой вклад в археологию Казахстана и оставили значительный фактический материал. Проведенный ими учет и описания многочисленных памятников и предметов древности не утратили своего значения и в наши дни. Целый их ряд со временем совершенно разрушился или настолько видоизменился, что сохранившиеся сведения являются для нас единственным источником ознокамления с ними» /9, 16-17/. ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы кейбір ескерткіштер табиғат әсерінен немесе адам қызметінің арқасында жойылып кеткендігін зерттеуші Е.И. Агеева айта келіп, төңкеріске дейін жиналған археологиялық материалдар отандық тарихнаманың өзіндік бір көлемді қорын құрағандығын көрсетіп бере алды. Сөйтіп, ғалым бұрын жинақталған материалдардың деректік қорына ерекше мән берді.

Нақты айтқанда, Е.И. Агеева – Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қыш ыдыстарды зерттеп, классификациясын жасаған, бұл дерек көзінің даму ерекшеліктерін толымды түрде айқындаған ғалым. Бұл тақырыпты ғалым өзінің кандидаттық диссертациясы етіп алды да, кейіннен оны сәтті қорғап шықты. Өзінің «Керамика городов и поселений среднего течения Сырдарьи и Каратау» атты мақаласында Е.И. Агеева б.з.б. I-мыңжылдық бас кезінен бастап ХУІ ғасырға дейінгі қыш ыдыстарды саралап шығады да, керамикаларды негізгі-негізгі мынадай хронологиялық топтарға бөледі: 1) скиф-сармат – б.з.б. УІ-ІІІ ғасырлар; 2) кангюй-хорезмдік – б.з.б. ІІІ - б.з. І ғасырлар; 3) кушандық – б.з. І-У ғасырлары; 4) Хорезмнің афригидтік кезеңіне және Жетісудағы соғды-қарлұқ заманына сай келетін УІ-ІХ ғасырлар; 5) Соғды мен Жетісудың самани және қарахан әулеттері кезеңімен сәйкес келетін Х-ХІІ ғасырлар; 6) ХІІІ-ХУІ ғасырлардағы монғол-темірлік қыш ыдыстар /10, 100/. Мақалада скиф-сармат керамикасын ол кейінгі скиф және ерте сармат топтарына жіктейді. Алғашқы топ ыдыстарынан зерттеуші андроновтық кейбір элементтерді ұшырастырған. Кангюй-хорезмдік жасалуына қарай төрт топқа бөлінеді, ал қалғандарының өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Соңғы уақыттардың сырлы қыш ыдыстарын алты топқа бөлген /10, 103-117/.

Ал, керамикалық материалдарға қатысты мағлұматтар негізінде зерттеуші Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің археологиялық кезеңдерін былайша көрсетеді: «1. Сақ (б.з.б. УІІ-ІУ ғасырлар). 2. Ерте кангюй (б.з.б. ІІІ ғасыр – б.з.І ғасыры). 3. Кейінгі кангюй (б.з. І-ІУ ғасырлары). 4. Кенгерес (У-УІІІ ғасырлар). 5. Қарлұқ (УІІІ-ХІІ ғасырлар). 6. Шығыс қыпшақ (ХІІІ-ХУ ғасырлар) /11/. Сөйтіп, Е.И. Агеева қыш ыдыстарын дерек көзі ретінде пайдалана отырып Орталық Азияда өмір сүрген тайпалар мен халықтардың көп ғасырлық саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын ашып көрсетті. Оның ойынша, б.з.б. I-мыңжылдық пен б.з. алғашқы ғасырларындағы Қазақстанның оңтүстігінде өмір сүрген тайпалардың мәдениеті Ташкент жазирасы мен Сырдарияның орта және төменгі ағыстарын мекендеген халықтарға жақын. Түрік-оғыз кезеңіндегі байланыстар Сырдария төменгі ағысындағы оғыздармен, Жетісу қарлұқтарымен және Ташкенттік түрік-соғды тұрғындарымен жақын болғандығын аңғартады /11, 202/.

Қола және ерте темір дәуірлерінің ескерткіштерін зерттеуге де Е.И. Агеева мол үлес қосқан. Мысалы, өткен ғасырдың 50-жылдар ортасындағы (1955) Е.И. Агеева басқарған Павлодар археологиялық экспедициясы (отряд жетекшісі А.Г. Максимова) облыс аумағындағы 53 кеншардың территориясынан 259 қорым мен 12 ежелгі қоныс орындарын тапқан /5, 98/. Олар қола дәуірі мен ХІУ ғасырлар аралығымен мерзімделген. Түрлі тарихи кезеңдер ескерткішін қамтыған қазба обалардан тұрмыстық, ғұрыптық бұйымдар, әшекей заттар мен қару-жарақтармен бірге антропологиялық материалдар да жинастырылды. Бұл ежелгі замандардағы адамдар бас сүйегі қандай өзгерістерге ұшырағандығын көрсетіп беретін антропологиялық қордың қалыптасуына өз септігін тигізген игі шаралардың бірі еді. Нәтижесінде осы экспедиция археологиялық жұмыстарының арқасында Қазақстан тарих ғылымы республиканың солтүстік-шығыс өңірлеріне қатысты жаңа мәліметтермен толықтырылды.

1956 жылы Е.И. Агеева Жетісу археологиялық экспедициясын басқарған кезде Алматы мен Талдықорған облыстарының (қазір екеуі біріктірілген-авт.) археологиялық картасын жасап жүріп, қола дәуірінің де ескерткішін кездестірген (барлау барысында 597 жаңа нысандар анықталған) болатын. Сол жылы Биғаш шатқалынан 32 қоршаудан тұратын қорымды ұшырастырады. Экспедиция 11 қоршауды қазғанымен, барлығының көне замандарда-ақ тоналғандығы анықталынады, олардың тек екеуінен ғана қыш ыдыстардың сынықтары табылады /6, 90-91/. Сынықтарға және оба құрылыстарының сыртқы пошымына қарап зерттеушілер қорымды қола дәуіріне жатқызады.

Аталмыш экспедицияның зерттеген археологиялық нысандары арасынан Жуантөбедегі қорымындағы б.з.б. VІІ-VІ ғасырлардағы сақ заманының обалары (1-топ) ерекше орын алады. Ал, қорымдағы ескерткіштердің басым бөлігі усуньдердікі (үйсіндердікі) болатын. Экспедиция далалық жұмыстарының барысында усунь кезеңіне жататын көптеген археологиялық нысандарды кездестірген еді /6, 91/.

Жалпы алғанда, Е.И. Агееваны үйсінтанушы деуге болады. Себебі ол зерттеген ескерткіштердің арасында қазақ халқының тікелей арғы ата-бабаларының бірі саналатын осы халықтың археологиялық нысандары көп ұшырасқан еді /12/. Ол керамикалық материалдарды талдай келе үйсіндердің тарихи-мәдени кезеңдерін б.з.б. III-I ғасырлар, б.з.б. I ғасыр – б.з. I ғасыры, I-III ғасырлар деп үш хронологиялық топқа бөледі. Сонымен қатар ол оба құрылыстарының сақ заманынан бастау алатындығын жазады да, екі этнос мәдени байланыстарын ашып көрсетіп, бұл құрылыстардың б.з.б. VІ ғасырдан бастап б.з. V ғасырына дейінгі өзіндік даму ерекшеліктерін айқындайды. Оның ойынша мүрденің қырынан жатуы б.з.б. VІ-V ғасырларға тән, ал б.з.б. V-VІ ғасырлармен мерзімделген обалардағы қабірдің жерден жасалған текпішек үсті ағашпен жабылған, б.з.б. V ғасыр мен б.з. V ғасырлар шебіндегі үйінді астында жәшіктер қойылған және де олар ерте (б.з.б. V-VІ ғғ.), ортаңғы (б.з.б. VI ғ. – б.з. VII ғ.), кейінгі (б.з. V-V ғғ.) кезеңдерге бөлінген /13, 33-37/.

Е.И. Агеева негізгі дерек көзі ретінде үнемі ең алдымен керамикаға сүйенгендігі жоғарыда айтылды. Археолог өз кезегінде усунь (үйсін) заманындағы сан алуан керамикалық материалдарды терең талдаудан өткізеді де, усуньдер (үйсіндер) қолданған кейбір қыш ыдыстар кейінгі уақыттарда аздаған өзгешеліктерге ұшырағанымен негізгі тұрпатын сақтағандығын дәлелдеді. Бұл жайында зерттеуші мақаласында «үйсіндер обасындағы» «...чашки-кубки со сферическим и уплощенным дном, имеющие сплошные вертикальные ручки-выступы, небольшие грушевидные сосудики типа кубков с петлеобразными ручками в центре тулова, являются широко распространенным типом посуды в период VІ-VІІІ вв. н.э.» – деп, усуньдердің Батыс түрік қағандығы тұсында негізгі құрауыштардың (компонент) бірі болғандығын анықтады /13, 35-36/.

Ол сонымен қатар археологиялық материалдар негізінде басқа авторлармен (А.Г. Максимова, т.б.) бірге усунь қоғамы біртекті болмағандығын, усунь тайпалық одағында сақ (сэ) және юеджи тайпаларының топтарының ұшырасатындығын да көре білді /13, 39/.

Қазіргі таңда ғалымдар арасында усуньдердің қазақ этногенезіндегі рөлі туралы талас-тартыс әлі күнге дейін толастамай отыр. Археологиялық, антропологиялық, деректану ғылымдарының материалдарымен толыққанды таныспаған, олардағы айқын мәліметтерді көрсе де көрмеген (бәлкім, трайбалистік рухта жүрген), кәсіби білім деңгейі өте төмен тарихшылар усуньдер қазақ халқының арғы ата-бабасы емес деп есептейді. Олардың кейбірі қазақ және орыс тілдеріне аударылған қытай тіліндегі дерек көздерін нақты аударуға қазақ тәржімәшілерінің білімі жетпейді, археологтар екі-үш қыш ыдыстардың сынығына, антропологтар бір-екі бас сүйекке ғана сүйенеді, сол себепті усуньдерді қазақпен байланыстыру дұрыс емес деген пікір ұстанады. Мұндай «қыңыр кісіге» қарсы көзқарас ұстанатын ғалымдар үйсіндерді кешенді түрде зерттеу қажеттігін әрі сан түрлі ғылыми ақпараттар легі усунь қазақтың үйсінімен бір екендігін растайды дейді. Соңғы топтағы ғалымдар эмоция жетегінде кетпей, түрлі ақпараттарды талдауда

шынайы тарихи дерек көздерінің мәліметтеріне сүйенеді. Айталық, В.И. Молодин өзінің «Пазырыкская культура: проблемы этногенеза, этнической истории и исторических судеб» деген мақаласында усуньдермен замандас әрі олармен тығыз араласып отырған пазырық мәдениетін қалдырған юечжи (ұлы ружы) тайпасының өзі қазақтармен тығыз байланысты екедігін айтады. Ол «палеогенетикаға қарағанда пазырықтықтар ұйғырлар мен қазақтарға (самодийлерден соң) өте жақын» дейді /14, 134/. Олай болса Отан тарихынан ұлы ружыларға орын берілмей отыруы төл тарихқа жасалған қиянат деуге болады. Юечжилерге қарағанда қазақтар өздерін усуньдердің тікелей ұрпағы ретінде қарастырады. Оған қатысты отандық тарихнамада көптеген ғылыми ақпараттар жарияланған. Заттай дерек көздеріне сүйенген Е.И. Агеева да қазақ халқының ата-бабасы ретінде усуньдерді көре білген.

Ерте темір дәуіріндегі халықтар мен тайпалардың қоныстануы, орналасуы және тіршілік еткен аумағын анықтау ежелгі Қазақстан тарихнамасындағы күрделі проблемалардың бірі. Е.И. Агеева жазба дерек көздері мен тарихи зерттеулерді ғылыми талдаудан өткізіп, бұл жайында былай деп қорытындыға келген: «Скифтерді олар (антикалық авторлар – *авт.*) бірқатар тайпалық одақтарға бөлген, олардың ең ірілері қазіргі зерттеушілер тарапынан былайша локализацияланады: каспиилер – Каспийден шығысқа қарай, массагеттер - Әмудария мен Сырдария төменгі ағысын, сақтар болса Тянь-Шань жотасын, ал қазіргі Жетісу жерінде исседондар қоныстанған. Исседондардан солтүстікке қарай жалғыз көзді - аримаспылар, ал олардан солтүстікте алтын қорғайтын «грифтер» болған. Антикалық авторлар ұсақ бірлестіктер мен тайпалар туралы да айтады, мысалы, абии, пассиан, тохар, сакаравал, массагет, гомодот, гист, карат, комар, комед, гриней скифтері, тоорпы, бельттер және т. б. Олардың арасындағы абиилер (су сақтары) Сырдарияның ортаңғы ағысын, Қаратаудың таулы жоталарын мекендеген, Қаратаудың солтүстік және солтүстік-шығыс беткейлерінде караттар тіршілік еткен» /15, 7/. Автор айтқан өңірлердегі кейбір тайпалар мен халықтардың орналасуы да болашақта арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі мұндағы кейбір этностар жайлы отандық тарихнамада арнайы сөз қозғалмайды.

Е.И. Агеева еңбектерінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу территориясындағы ортағасырлық қалалардың көптеген проблемалары көтерілген. Археолог бұдан жарты ғасырдай уақыт бұрын ортағасырлық Тамды, Ақтөбе Алтынтау (Ақ-тепе Алтынтау), Тарсатөбе (Тарса-тепе), Сүткент, Алтынтөбе, Пышакшытөбе, Көкмардан, Мыңтөбе, Күйікмардан, Құйрықтөбе, т.б. қалаларды, Қандытоғай (XIII-XV ғғ.) елді мекені мен бірқатар түрік дәуірі қорымдарын зерттеуге ат салысқан. Ең басты зерттеу нысандарының бірі Созақ ауданындағы Баба-Ата қаласы болған еді. Мұнда бірнеше маусым қазба жұмыстарын жүргізіп, цитадель, бекініс құрылыстары мен рабадтарды, қала маңындағы некропольды зерттеді. Табылған артефактілерді сипаттап, заттай дерек көздерінің негізінде өңірлердің мәдени-экономикалық дамуын, іргелес аймақтармен байланысын, ондағы халықтың дүниетанымын, шаруашылық қаракеттерін, қала мәдениеттерінің ерекшеліктерін айқындады. Оның пайымдауынша Отырар, Талас, Шаш, Шу-Іле секілді аймақтардағы малшылар мен егіншілердің бірнеше ғасырлар бойы қатар өмір сүруі ірі саяси бірлестіктердің (түрік, түргеш, қарлұқ, оғыз, т.б.) құрылуына алып келген. Бұл аудандар үнемі Орта Азия отырықшы-егінші мәдениеттерімен байланыс желісі болған /16/.

Ұзақ жылдар бойы ғалымдар тарапынан Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қалалардың пайда болуы жайлы мәселе көтеріліп келді. Кейбір ғалымдар Жетісу аумағындағы егіншілік мәдениет соғдылықтардың отарлауы нәтижесінде пайда болған (Бартольд, т.б.) десе, келесілері (Кляшторный, т.б.) Жетісуда соғды қалаларының федерациясы болды деп есептеді. Ал, Е.И. Агеева болса Оңтүстік Қазақстан сынды өңір «Соғды мен Хорезмнің отарлық нысаны болған жоқ, Орта Азия халықтарының тағдырында маңызды рөл атқарған ерекше экономикасы мен мәдениеті бар дербес болды»

деп тұжырымдама жасады /16, 215/. Оның жекелеген аудандары белгілі бір уақыттарда Орталық Азия ортағасырлық қала мәдениетіне де өзіндік ықпалын тигізгендігін қаузады. Сондай-ақ ол жазба дерек көздері мен археологиялық зерттеулер нәтижесін ұштастырып, қоныстар мен қалалардың тарихи топографиясын, қыпш ыдыстар классификациясын, орта ғасырлардағы керуен жолдарын да анықтауға қадам жасады. Кейіннен әсіресе соңғы аталған ізденістері басқа ғалымдар тарапынан (Байпақов, Елеуов, т.б.) одан ары жалғастырылды. Нәтижесінде Қазақстан орта ғасырлық мәдени кешендерін зерделеуге қомақты үлес қосылды.

Қорыта келгенде айтарымыз, Евгения Ивановна Агеева Қазақстан археологиясының әлем өркениетіндегі тұғырын өзінің сан салалы еңбектерімен биіктетуге үлес қосқан ғалым болып табылады. Сайып келгенде, Е.И. Агеева ғылыми мұрасының отандық тарихнамада өзіндік орны бар, ал ол өз кезегінде түрлі дәуірлерді қамтыған қатпарлы ізденістерден тұрады. Мұндай шағын мақалада ғалымның барлық концептуалдық ойларын түзіп шығу мүмкіндігі шектеулі екендігі де белгілі жайт. Әзірге Е.И. Агеева зерттеулерінің ғылыми бағыттарына тарихнамалық шолу ғана жасалды. Болашақта ғалым айтқан сүбелі пікірлердің барлығы ғылыми талдаудан өткені абзал.

Е.И. Агееваның ғылыми ізденістерінің негізгі шоғырын Оңтүстік Қазақстан, Павлодар және Жетісу археологиялық экспедицияларының материалдары құрайды. Бұл экспедициялар екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қазақстанда далалық жұмыстарын қайта жандандырып, аталмыш өңірлердегі көне тарихтың бірнеше кезеңдерін қамтыған ескерткіштер кешенін зерттеді де, тың ақпараттар алды. Кейіннен экспедициялардың мағлұматтары жаңа зерттеулерге жол ашты.

1. Байғонаков Д. Агеева Евгения Ивановна / Отырар. Энциклопедия. А., 2005. 53-бет.
2. Маргулан А.Х., Агеева Е.И. Археологические работы и находки на территории Казахской ССР (с 1926 по 1946 гг.) / Известия АН Казахской ССР, 1948. Серия археологическая. Вып. 1. С. 125-135
3. Агеева Е.И. Краткие итоги археологических экспедиции Института истории, археологии и этнографии 1953 года / Известия АН Казахской ССР, 1954. Сер. ист., экон., филос., права. Вып. 1. С.83-85
4. Агеева Е.И., Акишев К.А. Археологические исследования Института истории в 1954 г. / Вестник АН КазССР, 1954. №11(116). С.67-75
5. Акишев К.А., Агеева Е.И., Пацевич Г.И., Маргулан А.Х. Основные итоги археологических работ на территории Казахстана в 1955 году / Известия АН Казахской ССР, 1954. Серия истории, экономики, философии, права. Вып. 3. С. 94-106
6. Акишев К.А., Агеева Е.И. Археологические работы 1956 года / Известия АН Казахской ССР, 1958. Серия истории, археологии и этнографии. Вып. 1 (6). С. 83-94
7. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Обзор археологических работ в прошлом и исследования Южно-Казахстанской археологической экспедиции (1947-1951 гг.) / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1958. Т.У. Археология. С. 12-60.
8. Агеева Е.И. К истории изучения археологических памятников среднего течения Сырдарьи и Каратау / Известия АН Казахской ССР, 1949. Серия археологическая. Вып. 2. С. 135-142
9. Археологическая карта Казахстана. Реестр. А.-А., 1960. -449 с. * прил.
10. Агеева Е.И. Керамика городов и поселений среднего течения Сырдарьи и Каратау / Известия АН Казахской ССР, 1949. Серия археологическая. Вып. 2. С. 100-118
11. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Хронологическая классификация керамики / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1958. Т.У. Археология. С. 157-202.
12. Агеева Е.И. Курганные могильники ранних кочевников северо-восточной части Алма-Атинской области / Известия АН Казахской ССР, 1959. Серия истории, археологии и этнографии. Вып. 3. С. 80-85
13. Агеева Е.И. К вопросу о типах древних погребений Алма-Атинской области / Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Тр. ИИАЭ АН КазССР. А.-А., 1961. Т. 12.
14. Молодин В.И. Пазырыкская культура: проблемы этногенеза, этнической истории и исторических судеб / Археология, этнография и антропология Евразии. 2000. №4 (4). С.131-142
15. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана / Труды ИИАЭ АН КазССР, 1958. Т.У. Археология. С. 3-12
16. Агеева Е.И. Памятники средневековья (раскопки на городище Баба-ата). Цитадель. События. Оборонительные сооружения и рабады. События. Общий обзор находок / Археологические исследования на северных склонах Каратау / Тр. ИИАЭ АН КССР., 1962. Т. 14.117-219

Резюме

В статье проделан историографический обзор трудов и оценены основные научные направления археолога Е.И. Агеевой, внесшей большой вклад в изучение древней и средневековой истории Казахстана. Свою задачу автор статьи видел в том, чтобы познакомить читателей с жизнью и творчеством этого крупного специалиста. А также рассказать какие главные археологические объекты обнаружены ученым, как создавались ее труды, что нового внесли открытия археолога в отечественную историографию, какие проблемы ей приходилось решать, как были встречены ее концептуальные взгляды современниками во второй половине прошлого столетия.